

М. Мустафина, А. Болат, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. А. Аубакиров, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТРАССОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Криминалистиканың пайда болуына іздерді зерттеу қылмыстарды шешу мақсатында қолдану үшін мүмкіндіктер туғызды. Бірақ бірінші кезеңде қылмыс іздері туралы ақпараттар эмпирикалық (тәжірибелік) сипатта болды. Совет криминалистермен өткізілген, жаратылыс және техникалық ғылымдардың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде іздерді табу, фиксациялау және зерттеумен байланысты сұрақтарды ғылыми құрастыру криминалистикалық техниканың өзіндік саласы болып табылатын іздер туралы криминалистикалық ілім немесе трассологияның пайда болуына әкеліп соқты¹.

Зерттеудің объектісі оқиға болған жерден табылған әртүрлі іздер болып табылады.

Зерттеудің оқу әдістемелік негізі: зерттеудің жалпы және жеке әдістері қолданылды: тарихи, жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық және тағы басқалары. Көрсетілген кейбір жағдайларды, зерттеудің әрі қарай дамуына қолдануға болады.

- тақырыпты талдау негізі мен нәтижесі.

- зерттеудің теориялық және эмпирикалық негізі.

- қылмыс орнындағы әртүрлі іздерді табу, бекіту және тәсілдерін оқып үйрену мақсатында көптеген арнаулы әдебиеттер қолданылды.

Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология) криминалистикалық техниканың ең күрделі және кеңінен таралған бөлімі болып табылады. Бұл соттық іздердегі зерттеу жүргізген кезде мәселелердің теориялық-ғылыми және тәжірибелік маңызымен түсіндіріледі. Қылмысты дайындау, жасау, және оны жабу кезінде іздермен жұмыс ішкі істер органдарының зерттеу және эксперттік тәжірибелерінде маңызды орынды алады. Сондықтан, трасологияның тек қана теориялық ережелерін ғана білмей, оның іздердің әртүрлі түрлерін табу, зерттеу, фиксациялау және алу кезіндегі тәжірибелік дағдыларын игеру қажет.

«Қылмыс» сөзінің терең түсінігінде — бұл құқықтық емес әрекеттердің іздері болып табылады. Іздерді қалдырмай, оны жүзеге асыру мүмкін емес. Криминалистиканың барлық іздері идеалды және материалды болып бөлінеді. Идеалды — материалды әлемнің құбылыстары мен заттарын көру, есту және ұстау көмегімен адамның есінде сақтау. Материалды іздерді үш топқа бөлуге болады: а) көру іздері; б) тұтас заттардың бөлігі қылмыс заттары ретінде және в) заттардың қалдықтары қылмыстың спецификалық іздері ретінде (сұйықтықтың іздері, шаң, грунт ұнтақтары, сырлардың бөліктері, бөлек шүберектер және т. б.)².

Трасологиялық іздер — бұл физикалық, химиялық, биологиялық және басқа да құбылыстардың нәтижесінде бір объектінің басқа объектінің сыртқы пішініне фиксацияланған, материалды суретін қалдырған қалдық құбылыстар.

Трасология пәніне іздер қалыптасуының заңдылықтарын зерттеу және іздердің құрылымын зерттеу, қылмыстарды ашу, іздестіру және алдын алу мақсатында оларды әдіс-тәсілдерін, жинақтау әдістемелері енеді.

Іздердің оперативті-іздеу, зерттеу және эксперттік тәжірибеде маңызын білу үшін зерттеудің мақсатын білу қажет:³

а) табылған іздерді қалдырылған оқиға орнында зерттеу оқиға басталуымен, жағдайларымен байланысты бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;

б) іздер қылмыскерлерді, транспорттық көліктерді, басып кіру құралдарын, жабдықтар мен басқа да объектілерді іздестіру үшін қолдануы мүмкін;

в) іздер эксперттік зерттеулер нәтижесінде адамдар, жануарлар және әртүрлі заттарды идентификациясын жүргізуге болады.

Трасологияда қолданылатын іздер түрлері эксперттік зерттеулер нәтижесінде іздерді табу, фиксациялау, алу тәсілдерін түсіндіруге көмектеседі. Материалдық әлемнің барлық заттары іздерді қалыптастырушы және іздерді қабылдаушы болып бөлінеді.

Іздерді негізгі үш бағыттар бойынша бөлуге болады: а) іздерді қалыптастыратын объектілер бойынша; б) объектіні қабылдаушы өзгерістер туындау сипатына байланысты және в) іздерді қалыптастыру барысында объектілер жағдайына қарай.

Іздерді қалыптастыру бойынша іздер келесідей бөлінеді: а) қолдың іздері; б) адам немесе жануар аяқтарының іздері; в) аяқ-киім іздері; г) адам тістерінің іздері; д) басып кіру құралдарының іздері; е) рельстік емес көліктің іздері (автокөлік, мотоцикл, мотороллер, мопед, велосипед, трактор, шаңғы). Қалыптасатын өзгерістер сипатына қарай іздер: а) үстіңгі және көлемді; б) іздер-наслоения және іздер-отслоения; в) боялған және түссіз; г) көрінбейтін және көрінетін. Ізді қалыптастыру кезінде объектінің жағдайына қарай іздер: а) статикалық; б) динамикалық (сырғанау, кесу, шабу); в) локалды және г) перифериялық.

¹ Криминалистика: Учебн. / Отв.ред. Б. М. Нургалиев — Караганда, 2009.

² Шакенов А. О. Криминалистика: Оқулық. — Астана, 2008.

³ Кантор И. В., Ярмак В. А. Трасология и трасологическая экспертиза: Учебн. — М., 2002.